

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
«Alikhan Bokeihan University» ББ

«Информатика және робототехника мұғалімдеріне арналған спорттық робототехника бойынша олимпиадаларға оқушыларды даярлаудың практикалық әдістемесі» педагогтардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасының жобасы

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Информатика және робототехника мұғалімдеріне арналған «Информатика және робототехника мұғалімдеріне арналған спорттық робототехника олимпиадаларына оқушыларды даярлау практикалық әдістемесі» педагогтардың біліктілігін арттыру курс бағдарламасының өзектілігі робототехникадан Халықаралық деңгейдегі WRO және FIRST олимпиадаларына оқушыларды дайындай алатын педагог экспердтарды даярлау (ары қарай - Білім беру бағдарламасы).

«Информатика және робототехника мұғалімдеріне арналған спорттық робототехника олимпиадаларына оқушыларды даярлау практикалық әдістемесі» біліктілікті арттыру курстары бағдарламасының жобасы білім беруді дамытуда университеттік және мектептік ортаның табысты өзара іс-қимылының жарқын мысалы болып табылады.

Білім беру бағдарлама негізгі ережелер мен талаптарды ескере отырып жасалған:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 Бұйрығы: «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы»
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (01.01.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен);
- «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ Заңы (23.02.2024 ж. жаңартылған);
- Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді (04.10.2023 ж. жаңартылған);

- Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, тиісті үлгілер мен түрлердегі қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 Тамызда № 29329 болып тіркелді (26.02.2024 ж. жаңартылған);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген (01.09.2023 ж. Жаңартылған) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидалары;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығымен бекітілген педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары (07.08.2023 ж. жаңартылған);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығымен бекітілген педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидалары (07.08.2023 ж. жаңартылған);

Білім беру бағдарламасы оқушыларды WRO және FIRST сияқты әлемдік деңгейдегі робототехника олимпиадаларына қатысуға тиімді үйрете алатын тәжірибелі оқытушыларды дайындауға арналған. Білім беру бағдарламасы университет пен мектеп ортасының табысты ынтымақтастығының тамаша үлгісі болып табылады, бұл педагогтардың әлеуетін ашуға және оларды спорттық робототехника саласында оқушыларды тиімді оқытуға, дайындауға ықпал етеді.

Курс келесі құзыреттер мен дағдыларды дамытуға бағытталған:

- Информатика және робототехника мұғалімдерін спорттық робототехника сабақтарын ұйымдастыруға және өткізуге дайындау.
- Робототехника бойынша олимпиадаларға дайындалу үшін мұғалімдердің оқушылармен тиімді жұмыс істеу қабілетін дамыту.
- Спорттық робототехника бойынша жарыстарға дайындықтың негізгі қағидааттары мен әдістемелерімен танысу.
- Бағдарламалау және робототехникамен жұмыс істеу саласындағы мұғалімдердің техникалық білімі мен дағдыларының деңгейін арттыру.
- Педагогтердің спорттық робототехника бойынша оқу материалдарын жасау және бейімдеу қабілеттерін дамыту.

- Мұғалімдерді робототехника бойынша олимпиадалардың халықаралық стандарттарымен және талаптарымен жұмыс істеуге дайындау.

- Оқушылардың олимпиадаларға қатысуға ынтасын арттыру және олардың техникалық дағдыларын дамыту.

- Тәжірибе алмасу және олимпиадаларға дайындық бойынша бірлескен жобаларды әзірлеу үшін информатика және робототехника мұғалімдерінің өзара іс-қимылы үшін жағдайлар жасау.

Күтілетін нәтижелер:

Біліктілікті арттыру курсы аяқтағаннан кейін педагогтер келесі білімдерге, дағдыларға ие болады:

- WRO жарыстарының ережелерін білу және оларға қатысу үшін роботтар мен бағдарламалар құра білу.

- Оқушыларды спорттық робототехника бойынша олимпиадаларға тиімді дайындай білу.

- Робототехника бойынша олимпиадаларға дайындалу және WRO жарыстарына арналған бағдарламалар құру

- Жарыс ережелеріне сәйкес оқушылар арасында практикалық тренингтер мен олимпиадалар өткізу

- Әр түрлі қозғалтқыштар мен датчиктерді қолдана отырып, спорттық роботтарды құрастыру және бағдарламалау мүмкіндігі.

Курстың күтілетін нәтижелері робототехника саласындағы құзыреттілікті, бағдарламалау және роботтармен жұмыс істеу дағдыларын сауатты оқыту қабілетін, сондай-ақ спорттық робототехника бойынша жарыстар мен олимпиадаларға қатысуға дайындықты қамтиды.

Курс аяқталғаннан кейін педагогтар оқушылармен спорттық робототехника бойынша сабақтар ұйымдастыруға және өткізуге, сондай-ақ оларды осы бағыт бойынша олимпиадаларға қатысуға тиімді дайындауға дайын болады.

Курс бағдарламасы теориялық және практикалық сабақтарды қамтиды, мұнда мұғалімдер робототехникалық құрылымдармен өз бетінше жұмыс істей алады және оқушылары үшін өздерінің оқу тапсырмаларын әзірлей алады. Сонымен қатар, робототехника саласындағы тәжірибелі педагогтар мен инженерлерден семинарлар мен шеберлік сыныптары қарастырылған.

Бұл курстар мұғалімдерге спорттық робототехника сабақтарын сенімді өткізуге және оқушыларды халықаралық жарыстарда сәтті өнер көрсетуге дайындауға көмектеседі.

Курс бағдарламасы мұғалімдерге спорттық робототехника бойынша сабақтарды сенімді өткізуге, сондай-ақ оқушыларды робототехника бойынша халықаралық олимпиадаларда табысты өнер көрсетуге тиімді дайындауға көмектеседі, бұл оқушылардың ынтасын арттырады.

2. ГЛОССАРИЙ

EV3 роботы	Білім беруге арналған Lego EV3 Mindstorms роботы
HSV L	Түс сенсорының 5 сантиметрлік алыс қашықтықтан түстерді дұрыс анықтауға қолданылатын формула атауы
industrial robot	Өнеркәсіптік робот; Industrieroboter;
OFDL	EV3 Hack – OFDL Robotics Lab Taiwan Халықаралық деңгейдегі Тайвань робототехника орталығының жасаған жаңа технологияларын қолдану
PID, PD реттегіші	Пропорционалды интегралды дифференциалдау реттегіші (PID) — кері байланысы бар басқару тізбегіндегі құрылғы
robot software	роботтың бағдарламалық жасақтамасы; robotersoftware;
STEM	Ағылшын тілінен. Science, Technology, Engineering, Math – «ғылым, технология, инженерия, математика» сөзбе-сөз аудармағанда. Тұжырымдаманың мәні-жана технологияларды дамытуға, инновациялық ойлауды қалыптастыруға, жақсы дайындалған инженерлік кадрларға деген қажеттілікті қамтамасыз етуге бағытталған жаратылыстану ғылымдарын біріктіру. Steam-оқушылардың жобалық ғылыми-зерттеу қызметі
system software	жүйелік бағдарламалық қамтамасыз ету; systemsoftware;
Айналым Rotation	Роботтың моторы өз өсінен толық бір айналып орнына келгені
Бағдарламалау	LEGO Mindstorms оқыту ортасының блоктармен (суреттер арқылы) арнайы бағдарламау ортасы
Градус Degree	Робот моторы өз өсінен белгілі бір градусқа айналуы
Сенсорлар	Роботтың сыртқы ортадан ақпарат алуына арналған құрылғылар (түстерді анықтау сенсоры, ультрадыбыстық сенсор, батырма сенсоры және героскопиялық сенсор)
Топтар	Топта екі оқушы жас ерекшеліктеріне қарай бірігеді.

3. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ

Диагностикалық тестілеу	Оқытылатын тақырыптар бойынша кәсіби құзыреттіліктердің бастапқы деңгейін бағалау
1 модуль . Роботты құрастыру және	1.1 Роботты құрастыру (үлкен мотормен, кіші мотормен)

алғашқы қадамдар	1.2 Роботты қозғалысқа келтіру (белгілі бір сантиметрге градус арқылы, айналым арқылы, бұрылыстар)
	1.3 Ультрадыбыстық сенсормен жұмыс (лабиринтті өту, бойды өлшеу, машинаны тұраққа қою). Роботқа дыбысты қосып үйрену
2 модуль. ПИД реттегіші	2.1 ПИД (ПД) реттегіші. Интерактивті дәріс.
	2.2 Роботты (үлкен мотор) екі түс сенсоры арқылы қара сызықпен жүргізу
	2.3 Роботты белгілі бір шартқа байланысты тоқтату
	2.4 Өзімнің Блогімді жасап үйрену
	2.5 Қиылыстар санына байланысты тоқтату
3 модуль. ПИД реттегіші арқылы қиылыстарда бұрылу және кіші мотордан жасалған роботқа қолдану	3.1 Қиылыстан оңға және солға бұрылу (әртүрлі орындағы дұрыс бұру түрлері)
	3.2 Полядағы бір орыннан екінші орынға бару
	3.3 Кіші моторлармен құрылған роботқа ПД қолдану
	3.4 Полядағы бір орыннан екінші орынға бару
4 модуль. ПД-ның робот қозғалысындағы басқа да мүмкіндіктері	4.1 Роботты 1 сенсор арқылы сызықпен жүргізу. Интерактивті дәріс.
	4.2 Роботты алдыға белгілі бір градусқа ПД арқылы жүргізу
	4.3 Роботты сызықсыз алдыға тура жүргізу
	4.4 Роботты сенсорсыз 90 градусқа бұрғызып үйрету
5 модуль Ультрадыбыстық және түс сенсорымен жұмыс	5.1 Ультрадыбыстық сенсор арқылы роботты қабырға бойымен ПД қолдана жүргізу. Интерактивті дәріс.
	5.2 Роботқа бірнеше деденің түсін оқыту
	5.3 Роботқа жүріп келе жатып денелерді ұрып өтуін
6 модуль Дененің түсін және пішімін анықтау	6.1 Роботқа қол жасау. Денені қысып оның түсін оқу. Дененің пішімін бағдарламалау арқылы анықтау. .
	6.2 Полядағы бір денені оның түсіне қарай отыра екінші орынға апару
7 модуль HSVL және OFDL	7.1 HSVL түстерді алыстан анықтау.
	7.2 OFDL Тайвань блоктары.
8 модуль. WRO олимпиадасы	8.1 WRO жарысының ережелімен танысу.
	8.2 Жарыс ережесіне сай роботты құрау
	8.3 Жарысқа роботтың программасын құру
9 модуль. WRO олимпиадасының ережесіне сай олимпиадаға дайындық	9.1 Робот олимпиада тапсырмасын 2 минутта орындауы керек
	9.2 WRO олимпиадасының ережесіне сай олимпиадаға дайындық және қосымша кеңестер

10 модуль Курстың қорытынды олимпиадасы	10.1 WRO олимпиадасына қатысуға арналған роботтарды тексеру және практикалық өзгерістер енгізу
	10.2 WRO халықаралық олимпиада ережесіне сай олимпиада өткізу (қатысушы 124 ұпайдан кем дегенде 70 ұпай алуы керек)
Қорытынды тестілеу	Оқыған тақырыптар бойынша кәсіби құзыреттілік деңгейін бағалау

4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТІ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

Мақсаты:

1. Спорттық робототехника саласындағы педагогтердің біліктілігін арттыру.
2. Информатика және робототехника оқытушыларын спорттық робототехника олимпиадаларына дайындау әдістемесі.
3. Роботтарды құрастыру мен бағдарламалаудағы оқытушылардың кәсіби деңгейін арттыру.
4. Мұғалімдерді спорттық робототехника бойынша жарыстар өткізуге дайындау.

Курстың міндеттері:

1. Мектептердің информатика және робототехника мұғалімдерін робототехникадан өтетін олимпиадаларға оқушыларды даярлаудың қазіргі кездегі озық әдіс-тәсілдеріне үйрету;
2. Робототехника бойынша олимпиадаларға, оның ішінде WRO халықаралық олимпиадасына қатысуға дайындық.
3. Алған білімдері мен дағдыларын бекіту үшін оқытушылар арасында практикалық тренингтер мен жарыстар өткізу.
4. Мұғалімдерді спорттық робототехника саласындағы олимпиадалық даярлық бойынша оқушылармен әдістемелік жұмысқа дайындау.
5. Қатысушылардың әртүрлі Қозғалтқыштар мен датчиктерді қолдана отырып роботтарды құрастыру дағдыларын игеруі.
6. Қатысушыларды әртүрлі тапсырмаларды орындау үшін роботты бағдарламалау дағдыларын жетілдіруге үйрету.
7. Ультрадыбыстық датчиктер мен түсті датчиктерді қолдана отырып, роботты жарыс алаңында жүргізу әдістерін үйрету.

Күтілетін нәтижелер:

Біліктілікті арттыру курсы аяқтағаннан кейін мұғалімдер келесі білімдерге, дағдыларға ие болады:

1. WRO жарыс ережелеріне сәйкес роботты құру және бағдарламалау қабілеті.
 2. WRO ережелері бойынша олимпиаданы өткізу және оқушыларды әдістемелік сүйемелдеу дағдысы.
 3. Курстың қорытынды олимпиадасын өткізу және жарыстарға қатысу үшін роботтарды тексеру.
 4. Роботтарды әртүрлі қозғалтқыштармен жинау және оларды қозғалысқа келтіру мүмкіндігі.
 5. Ультрадыбыстық датчиктермен жұмыс істеу дағдысы және оларды лабиринттен өту және көлікті тұраққа қою сияқты әртүрлі тапсырмалар үшін қолдану.
 6. PID реттегішінің ерекшеліктерін білу және оны роботты басқаруда қолдану.
 7. Блог құру және оны оқу процесінде пайдалану дағдысы.
 8. PID реттегішінің көмегімен қиылыстарда бұрылыстар жасай білу.
 9. Түс сенсорлары және ультрадыбыстық сенсорлар сияқты әртүрлі сенсорлармен жұмыс істеу дағдысы.
 10. Нысандардың түсі мен пішінін анықтау әдістерін және оларды роботтарды бағдарламалауда қолдануды білу.
- Күтілетін нәтижелерге спорттық робототехника саласындағы педагогтердің дайындық деңгейін арттыру, оқушылардың оқу сапасын жақсарту, оқушылардың техникалық ғылымдарға қызығушылығын арттыру және оқушылардың робототехника бойынша олимпиадаларға қатысу нәтижелілігін арттыру кіреді.

5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

1 модуль Роботты құрастыру және алғашқы қадамдар	Тақырып 1.1 Роботты құрастыру (үлкен мотормен, кіші мотормен) 4 сағат Қысқаша мазмұны: Курсқа қатысушылар оқу үрдісіне керекті базалық роботтарды құрастырады. Біріншісі, Lego Minstorms EV3 роботының үлкен моторлармен жиналатын базалық роботы және кіші мотормен жиналатын базалық роботты құрастырады. Бұл роботтың курстың соңына дейін қолданылады.
	Тақырып 1.2 Роботты қозғалысқа келтіру (белгілі бір сантиметрге градус арқылы, айналым арқылы, бұрылыстар) 4 сағат

	<p>Қысқаша мазмұны: Роботқа бағдарлама жазудың қарапайым үлгілерінен бастайды. Роботты алдыға белгілі бір сантиметрге жүргізуді айналым, градус және секундтар арқылы жасап үйренеді. Роботты алдыға жүргізуді есептеулер арқылы жүргізуді және оның бағдарламасын өз блогын құрып, кодты қысқартуды үйренеді. Сонымен қатар, роботты бұруды және кей ақпараттарды роботтың экранына шығарып үйренеді.</p> <p>Тақырып 1.3 Ультрадыбыстық сенсормен жұмыс (лабиринтті өту, бойды өлшеу, машинаны тұраққа қою). Роботқа дыбысты қосып үйрену 4 сағат</p> <p>Қысқаша мазмұны: Бұл сабақта мұғалімдер ультрадыбыстық сенсормен жұмыс жасайтын болады. Келесідей кіші жобаларды жасап үйренеді: лабиринтті өту, бойды өлшеу, машинаны тұраққа қою.</p>
<p>2 модуль ПИД реттегіші</p>	<p>Тақырып 2.1 ПИД (ПД) реттегіші 4 сағат</p> <p>Қысқаша мазмұны: PID реттегіші (немесе пропорционалды интегралды дифференциалды реттегіш)-бұл жүйелерді автоматты түрде реттеуде қолданылатын басқару құрылғысының түрі. Ол үш негізгі компоненттен тұрады: пропорционалды (P), интегралды (I) және дифференциалды (D) бөліктер.</p> <p>Пропорционалды (P) бөлігі: Пропорционалды контроллер өлшенетін айнымалының ағымдағы мәні мен мақсатты мән (берілген нүкте) арасындағы айырмашылыққа пропорционалды түрде жауап береді. Айырмашылық неғұрлым үлкен болса, соғұрлым басқару әсері артады.</p> <p>Интегралдық (I) бөлім: Интегралды бөлік өткен уақыттағы жинақталған кателіктердің орнын толтырады, басқару әсерін қате болған уақытқа пропорционалды түрде қолданады.бар. Бұл статикалық қатені жоюға және жүйені тұрақтандыруға көмектеседі.</p> <p>Дифференциалды (D) бөлігі: Дифференциалдық бөлік өлшенетін айнымалының уақыт бойынша өзгеруін ескереді. Бұл жүйенің күрт өзгеруіне жол бермейді және шамадан тыс реттеуді азайтады. Дифференциалды бөлік жүйенің "бұралуын" болдырмауға</p>

	<p>арналған.</p> <p>Тақырып 2.2 Роботты (үлкен мотор) екі түс сенсоры арқылы қара сызықпен жүргізу 4 сағат Қысқаша мазмұны: ПИД реттегіші және 2 сенсор арқылы қара сызықтың бойымен жүргізу. Коэффициенттерді табудың әдіс тәсілдерін үйрету.</p> <p>Тақырып 2.3 Роботты белгілі бір шартқа байланысты тоқтату 4 сағат Қысқаша мазмұны: ПД реттегішін әртүрлі шарттарға байланысты тоқтатуды үйрену. Мысалға, қиылысты көргенде тотайды. ПД реттегішін</p> <p>Тақырып 2.4 Өзімнің Блогімді жасап үйрену 2 сағат Қысқаша мазмұны: Дайындалған ПД реттегіші арқылы қара сызықпен жүріп тұрған бағдарлама код қысқарту мақсатында өз блоктарымызды даярлауды үйренеміз. Кіріс және шығыс ақпараттарын қалай қолдануға болатынын үйренеді.</p> <p>Тақырып 2.5 Қиылыстар санына байланысты тоқтату 4 сағат Қысқаша мазмұны: Роботты ПД реттегішімен жүргізіп, қиылыстардың санына қарай тоқтатуды үйренеміз. Математика блогын, логикалық амалдар және салыстыру блогын қолдануды үйренеді.</p>
<p>3 модуль ПИД реттегіші арқылы қиылыстарда бұрылу және кіші мотордан жасалған роботқа қолдану</p>	<p>Тақырып 3.1 Қиылыстан оңға және солға бұрылу (әртүрлі орындағы дұрыс бұру түрлері) 4 сағат Қысқаша мазмұны: Робот қиылысты тауып тоқтағаннан кейін, оңға немесе сол бұрылатын блоктар жасау керек. Бұрылудың түрлері бар: «+» тәріздес қиылыс, түзу сызыққа бір жағынан қосылатын қиылыс.</p> <p>Тақырып 3.2 Полядағы бір орыннан екінші орынға бару 4 сағат Қысқаша мазмұны: Роботқа барлық қиылыстардан дұрыс өтіп, алаңдағы бірінші нүстеден екінші нүктеге барудың бағдарламасын жазу.</p>

	<p>Тақырып 3.3 Кіші моторлармен құрылған роботқа ПД қолдану 3 сағат Қысқаша мазмұны: ПД реттегішін екі кіші мотормен құралған роботқа жазып көру</p>
	<p>Тақырып 3.4 Полядағы бір орыннан екінші орынға бару 3 сағат Қысқаша мазмұны: Кіші моторлар арқылы құрылған робот арқылы бір орыннан екінші орынға баруды үйрену.</p>
<p>4 модуль ПД-ның робот қозғалысындағы басқа да мүмкіндіктері</p>	<p>Тақырып 4.1 Роботты 1 сенсор арқылы сызықпен жүргізу 4 сағат Қысқаша мазмұны: Роботты 1 түс сенсоры арқылы жүргізу. Формулада қандай өзгерістер жасау керек. Орташа түс мәнінің не үшін керектігін үйрену.</p>
	<p>Тақырып 4.2 Роботты алдыға белгілі бір градусқа ПД арқылы жүргізу 4 сағат Қысқаша мазмұны: Роботты сызық бойымен дөңгелектің белгілі бір градусқа бұрылғанына дейін жүргізуді үйрену.</p>
	<p>Тақырып 4.3 Роботты сызықсыз алдыға тура жүргізу 2 сағат Қысқаша мазмұны: ПД реттегішін көмегімен роботты алдыға сызықсыз тура жүргізу үйрену.</p>
	<p>Тақырып 4.4 Роботты сенсорсыз 90 градусқа бұрғызып үйрету 2 сағат Қысқаша мазмұны: Роботты сенсордың көмегінсіз 90 градусқа ПД реттегіші арқылы дәлдікпен бұрылуға үйрету.</p>
<p>5 модуль Ультрадыбыстық және түс сенсорымен жұмыс</p>	<p>Тақырып 5.1 Ультрадыбыстық сенсор арқылы роботты қабырға бойымен ПД қолдана жүргізу 4 сағат Қысқаша мазмұны: Ультрадыбыстық сенсор арқылы қабырғаның бойымен роботты бір келкі қозғалтуға үйрену.</p>
	<p>Тақырып 5.2 Роботқа бірнеше деденің түсін оқыту 4 сағат Қысқаша мазмұны:</p>

	<p>Роботқа бірнеше дененің түсін оқытып, соған сәйкес әрекеттер жасатып үйрету.</p> <p>Тақырып 5.3 Роботқа жүріп келе жатып денелерді оқып өту 2 сағат Қысқаша мазмұны: Роботқа қозғалыста келе жатып ақпаратты оқуға болатындай мүмкіндік қосу.</p>
<p>6 модуль Дененің түсін және пішімін анықтау</p>	<p>Тақырып 6.1 Роботқа қол жасау. Денені қысып оның түсін оқу. Дененің пішімін бағдарламалау арқылы анықтау 4 сағат Қысқаша мазмұны: Роботқа белгілі бір денені қысып ұстай алатын немесе ұстап көтеріп ала алатын қолды жасау. Денені ұстағаннан кейін оның түсін оқу. Осы дененің пішімін бағдарламалау арқылы анықтау.</p>
	<p>Тақырып 6.2 Алаңдағы бір денені оның түсіне немесе пішіміне қарай отыра екінші орынға апару 4 сағат Қысқаша мазмұны: Дененің түсіне қарай отыра оны алаңның бір бөлігінен екінші бөлігіне апару. Әр түске сәйкес әрекетті орындау.</p>
<p>7 модуль HSVL және OFDL</p>	<p>Тақырып 7.1 HSVL түстерді алыстан анықтау 4сағат Қысқаша мазмұны: HSVL формуласы түстерді 5 см анықтау мүмкіндігін береді. Роботтағы сенсорды 5 см биіктікке орналастырып, бағдарлама арқылы түстерді анықтау.</p>
	<p>Тақырып 7.2 OFDL Тайвань блоктары 4сағат Қысқаша мазмұны: Ашық қолданыста жүрген Тайваньдық OFDL компаниясының блоктарын қолдануды үйрету.</p>
<p>8 модуль WRO олимпиадасы</p>	<p>Тақырып 8.1 WRO жарысының ережелімен танысу 1 сағат Қысқаша мазмұны: WRO олимпиадасының бір түрі таңдалып алынып, барлық жарыс ережелерін талқылау</p>
	<p>Тақырып 8.2 Жарыс ережесіне сай роботты құрау 2 сағат Қысқаша мазмұны: Жарыстың ережесіне сай келетін және көбірек ұпай жинай алатындай роботты құрастыру.</p>

	<p>Тақырып 8.3 Жарысқа роботтың программасын құру 5 сағат Қысқаша мазмұны: Өткен сабақтарда жасалған блоктарды қолданып, осы жарысқа қатысатын роботтың бағдарламасын жазу.</p>
<p>9 модуль WRO олимпиадасының ережесіне сай олимпиаданы өткізу</p>	<p>Тақырып 9.1 Робот олимпиада тапсырмасын 2 минутта орындауы керек 4 сағат Қысқаша мазмұны: Робот алаңдағы барлық тапсырманы 2 минутта орындап шығу керек. Сондықтан да жасалған роботқа және оның программасына анализ жасау керек. Барлық жағынан жақсартып, жылдамдату керек.</p>
	<p>Тақырып 9.2 WRO олимпиадасының ережесіне сай олимпиадаға дайындық және қосымша кеңестер 4 сағат Қысқаша мазмұны: WRO олимпиадасының ережесіне сай кеңестер беру. Мұғалімдер олимпиаданың өту барысын, ұпайларды есептелуін, оқушылардың не істеу және не істемеу керектігін үйренетін болады.</p>
<p>10 модуль Курстың қорытынды олимпиадасы</p>	<p>Тақырып 10.1 WRO олимпиадасына қатысуға арналған роботтарды тексеру және практикалық өзгерістер енгізу 4 сағат Қысқаша мазмұны: Роботты олимпиада алдындағы соңғы тексерістерден өткізіп, бағдарламаға соңғы өзгерістерін жасаулары керек. Роботты карантинге қойғаннан кейін тиіспейтін болады.</p>
	<p>Тақырып 10.2 WRO халықаралық олимпиада ережесіне сай олимпиада өткізу 4 сағат Қысқаша мазмұны: Халықаралық олимпиаданың ережесіне сай олимпиада өткізілетін болады. Максималды 124 ұпайдан кем дегенде 70 ұпай алған қатысушы сертификатқа ұсынылатын болады.</p>

6. ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курсы екі апта ішінде өткізілетін 80 академиялық сағатқа арналған.

Негізгі оқыту әдістері: интерактивті дәріс, роботпен тәжірибелік жұмыстар, тапсырмаларды талқылау, презентация – сабақтар, роботтарды құрастыру, роботтарға бағдарлама құру, роботқа тәжірибелер жасау, қорытынды олимпиада.

Күніне 8 сабақтан, жалпы саны 10 күнде 80 сағатты қамтиды.

7. БАҒДАРЛАМАНЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

1 МОДУЛЬ. «РОБОТТЫ ҚҰРАСТЫРУ ЖӘНЕ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМДАР»

Модульдің өзектілігі екі түрлі моторды қолданып екі түрлі базалық робот құрайды. Бұл роботтар курстың соңына дейін қолданылады. Барлық тәжірибелік жұмыстар осы роботтар арқылы жасалатын болады. Курсқа қатысушылар оқу үрдісіне керекті базалық роботтарды құрастырады. Біріншісі, Lego Minstorms EV3 роботының үлкен моторлармен жиналатын базалық роботы және кіші мотормен жиналатын базалық роботты құрастырады. Бұл роботтың курстың соңына дейін қолданылады.

Бұл модуль роботты құрастырып, бастапқы қарапайым қозғалыс түрлерін үйретуге бағытталған.

Модульдің міндеттері:

- қатысушылар оқу үрдісіне керекті базалық роботтарды құрастырады;
- Lego Minstorms EV3 роботының үлкен моторлармен жиналатын базалық роботы және кіші мотормен жиналатын базалық роботты құрастырады;
- Роботқа бағдарлама жазудың қарапайым үлгілерінен бастап үйренеді;
- Ультрадыбыстық сенсормен жұмыс жасай. Келесідей кіші жобаларды жасап үйренеді: лабиринтті өту, бойды өлшеу, машинаны тұраққа қою.

Күтілетін нәтижелер

Тыңдаушылар модульдың соңында:

- Базалық роботтарды құрастыра алатын болады;
- Роботты алдыға, артқа, оңға, солға және белгілі бір сантиметрге жүргізуді үйренеді;
- Ультрадыбыстық сенсормен жұмыс жасап үйренеді (лабиринтті өту, бойды өлшеу, машинаны тұраққа қою).

Модуль тақырыптары	Оқу сабағының түрі, оқыту әдістері және сағат саны	Негізгі мазмұны	Нәтижелер (бағаланатын дағдылар)
Тақырып 1.1 Роботты	Интерактивті сабақ	Арнайы дайындалған	- Роботты құрастыру

құрастыру (үлкен мотормен, кіші мотормен)		робот инструкциясы бойынша екі роботты құрастыру	біледі; - Екі түрлі мотормен құрастыра алады.
	Формативті бағалау	Роботты критерийлер бойынша тексеру	- Роботқа анализ жасай алады
Тақырып 1.2 Роботты қозғалысқа келтіру (белгілі бір сантиметрге градус арқылы, айналым арқылы, бұрылыстар) Эcranға мәнді шығарып үйрену	Тәжірибелік сабақ	Роботты белгілі бір сантиметрге градус арқылы, айналым арқылы жүргізу	- роботқа бағдарлама жазу біледі
	Формативті бағалау	Тапсырмалардың критерийлері бойынша бағалау	- критерийлер бойынша өз жұмысына баға бере алады
Тақырып 1.3 Ультрадыбыстық сенсормен жұмыс (лабиринтті өту, бойды өлшеу, машинаны тұраққа қою). Роботқа дыбысты қосып үйрену	Тәжірибелік сабақ	Роботқа ультрадыбыстық сенсорды басқара алатын бағдарлама құрады (лабиринтті өту, бойды өлшеу, машинаны тұраққа қою)	- Роботқа ультрадыбыстық сенсорды басқара алатын бағдарлама жаза алады
	Формативті бағалау	Тапсырмалардың критерийлері бойынша бағалау	- критерийлер бойынша өз жұмысына баға бере алады

2 МОДУЛЬ.«ПИД РЕТТЕГІШІ»

Модульдің өзектілігі ПИД регуляторының роботқа қолданысын үйрену. PID реттегіші (немесе пропорционалды интегралды дифференциалды реттегіш)-бұл жүйелерді автоматты түрде реттеуде қолданылатын басқару құрылғысының түрі. Ол үш негізгі компоненттен тұрады: пропорционалды (P), интегралды (I) және дифференциалды (D) бөліктер.

Бұл модуль роботқа ПИД реттегішінің қолданылуын үйретуге бағытталған.

Модульдің міндеттері:

- Қатысушыларға ПИД реттегішінің роботта қолданылуын үйрету;
- Үлкен мотормен құрылған роботқа ПД қолдану;
- ПД-ны шартқа байланысты тоқтата алуды үйренеді;
- Өз блогын құрып үйрену;
- Қиылыстарды санай алу.

Күтілетін нәтижелер

Тыңдаушылар модульдың соңында:

- ПИД-ты роботқа қолдана алады;
- Үлкен моторға қолдана алуы;
- ПД-ны шарт арқылы тоқтата алады;
- Өз блогын құра алады;
- Қиылыстардың санына қарай тоқтата алады.

Модуль тақырыптары	Оқу сабағының түрі, оқыту әдістері және сағат саны	Негізгі мазмұны	Нәтижелер (бағаланатын дағдылар)
Тақырып 2.1 ПИД (ПД) реттегіші	Интерактивті дәріс	ПИД реттегішін түсіндіру	- Роботқа қоланысын түсінеді
Тақырып 2.2 Роботты (үлкен мотор) екі түс сенсоры арқылы қара сызықпен жүргізу	Тәжірибелік сабақ	Екі түс сенсоры арқылы роботты сызықпен жүргізу	- роботқа бағдарлама жазуды біледі
	Формативті бағалау	Тапсырмалардың критерийлері бойынша бағалау	- критерийлер бойынша өз жұмысына баға бере алады
Тақырып 2.3 Роботты белгілі бір шартқа байланысты тоқтату	Тәжірибелік сабақ	ПД-ны белгілі бір шартқа байланысты тоқтатуды үйрену	- пд-ны шартқа сай тоқтатуды біледі және қолдана алады
	Формативті	Тапсырмал	-

	бағалау	ардың критерийлері бойынша бағалау	критерийлер бойынша өз жұмысына баға бере алады
Тақырып 2.4 Өзімнің Блогімді жасап үйрену	Тәжірибелік сабақ	ПД-ны өз блогың арқылы жасап үйрену	- өз блогын құруды біледі және қолдана алады
	Формативті бағалау	Тапсырмал ардың критерийлері бойынша бағалау	- критерийлер бойынша өз жұмысына баға бере алады
Тақырып 2.5 Қиылыстар санына байланысты тоқтату	Тәжірибелік сабақ	Қиылыстарды санай отыра керекті қиылыста тоқтатуды үйрену	- қиылыстарды санауды біледі
	Формативті бағалау	Тапсырмал ардың критерийлері бойынша бағалау	- критерийлер бойынша өз жұмысына баға бере алады

3 МОДУЛЬ.«ПИД РЕТТЕГІШІ АРҚЫЛЫ ҚИЫЛЫСТАРДА БҰРЫЛУ ЖӘНЕ КІШІ МОТОРДАН ЖАСАЛҒАН РОБОТҚА ҚОЛДАНУ»

Модульдің өзектілігі ПИД регуляторының роботқа қолданысын қиылыстардағы бұрылыстарға қолдану. Кіші мотормен жасаған роботқа ПИД, ПД реттегіштері арқылы үлкен мотормен жасалған роботқа жасалған тәжірибелерді жасау.

Бұл модуль роботқа ПИД реттегішінің қиылыстарда бұрылуындағы қолданысын үйретуге бағытталған.

Модульдің міндеттері:

- Қиылыстан оңға немесе солға бұрылуды қолдану;
- Алаңда бір орыннан екінші орынға сызық арқылы жүріп баруға үйрету;
- ПД-ны кіші мотормен жасалған базалық роботқа қолдануды үйрету;

- Алаңда бір орыннан екінші орынға кіші мотормен жасалған роботты жүргізуді үйрену.

Күтілетін нәтижелер

Тыңдаушылар модульдың соңында:

- Қиылыстарда роботты оңға немесе сол дұрыс бұруды үйренеді;
- Алаңда бір орыннан екінші орынға сызық бойымен жүріп баруды үйренеді;
- ПД-ны кіші моторлармен жасалған роботтарға қолдану;
- Кіші мотормен жасалған роботты сызықтың бойымен бір орыннан екінші орынға апаруды үйренеді.

Модуль тақырыптары	Оқу сабағының түрі, оқыту әдістері және сағат саны	Негізгі мазмұны	Нәтижелер (бағаланатын дағдылар)
Тақырып 3.1 Қиылыстан оңға және солға бұрылу (әртүрлі орындағы дұрыс бұру түрлері)	Интерактивті сабақ	ПИД реттегіші арқылы оңға және солға бұрылу	- Роботқа қоланысын түсінеді
Тақырып 3.2 Полядағы бір орыннан екінші орынға бару	Тәжірибелік сабақ	Алаңда бір орыннан екінші орынға сызық бойымен жүріп бару	-роботқа бағдарлама жазуды біледі
	Формативті бағалау	Тапсырмалардың критерийлері бойынша бағалау	-критерийлер бойынша өз жұмысына баға бере алады
Тақырып 3.3 Кіші моторлармен құрылған роботқа ПД қолдану	Тәжірибелік сабақ	ПД-ны кіші мотор арқылы құрылған роботқа қолдану	- пд-ны кіші мотормен жасаған роботқа қолдана алады
	Формативті бағалау	Тапсырмалардың критерийлері бойынша бағалау	- критерийлер бойынша өз жұмысына баға бере алады
Тақырып 3.4 Полядағы бір орыннан екінші	Тәжірибелік сабақ	Роботты бір орыннан екінші орынға апару	- роботты бір орыннан екінші орынға

орынға бару		бағдарламасын жазу	жүргізу бағдарламасын жаза алады
	Формативті бағалау	Тапсырмалардың критерийлері бойынша бағалау	- критерийлер бойынша өз жұмысына баға бере алады

4 МОДУЛЬ. «ПД-НЫҢ РОБОТ ҚОЗҒАЛЫСЫНДАҒЫ БАСҚА ДА МҮМКІНДІКТЕРІ»

Модульдің өзектілігі ПД реттегішін бір түс сенсоры арқылы қалай жүргізуге болатынын үйрену. Роботты белгілі бір мотордың айналу градусына дейін жүргізуді үйрену.

Бұл модуль роботқа ПД арқылы бір түс сенсоры арқылы қалай жүргізудің қолданысын үйретуге бағытталған және робот белгілі бір градусқа алдыға жылжуының бағдарламасын жазып үйрену.

Модульдің міндеттері:

- Роботты сызық бойымен дөңгелектің белгілі бір градусқа бұрылғанына дейін жүргізуді үйрену;
- Роботты 1 түс сенсоры арқылы жүргізу. Формулада қандай өзгерістер жасау керек. Орташа түс мәнінің не үшін керектігін үйрену;
- ПД реттегішінің көмегімен роботты алдыға сызықсыз тура жүргізу үйрену;
- Роботты сенсордың көмегімен 90 градусқа ПД реттегіші арқылы дәлдікпен бұрылуға үйрету.

Күтілетін нәтижелер

Тыңдаушылар модульдың соңында:

- Роботты сызық бойымен дөңгелектің белгілі бір градусқа бұрылғанына дейін жүргізе алады;
- Роботты 1 түс сенсоры арқылы жүргізу. Формулада қандай өзгерістер жасай алады;
- ПД реттегішінің көмегімен роботты алдыға сызықсыз тура жүргізе алады білетін болады;
- Роботты сенсордың көмегімен 90 градусқа ПД реттегіші арқылы дәлдікпен бұрылуға үйрету.

Модуль тақырыптары	Оқу сабағының түрі, оқыту әдістері және сағат саны	Негізгі мазмұны	Нәтижелер (бағаланатын дағдылар)
Тақырып 4.1 Роботты 1 сенсор	Интерактивті сабақ	ПИД реттегіші арқылы роботты	- Роботқа қоланысын

арқылы сызықпен жүргізу		бір сенсормен жүргізу	түсінеді
Тақырып 4.2 Роботты алдыға белгілі бір градусқа ПД арқылы жүргізу	Тәжірибелік сабақ	Роботты алдыға белгілі бір градусқа ПД арқылы жүргізу	- роботқа бағдарлама жазуды біледі
	Формативті бағалау	Тапсырмалардың критерийлері бойынша бағалау	- критерийлер бойынша өз жұмысына баға бере алады
Тақырып 4.3 Роботты сызықсыз алдыға тура жүргізу	Тәжірибелік сабақ	Роботты сызықсыз алдыға тура жүргізу	- сызықсыз тура жүргізуді біледі
	Формативті бағалау	Тапсырмалардың критерийлері бойынша бағалау	- критерийлер бойынша өз жұмысына баға бере алады
Тақырып 4.4 Роботты сенсорсыз 90 градусқа бұрғызып үйрету	Тәжірибелік сабақ	Роботты сенсорсыз 90 градусқа бұрғызып үйрету	- роботты 90 градусқа бұра алады
	Формативті бағалау	Тапсырмалардың критерийлері бойынша бағалау	- критерийлер бойынша өз жұмысына баға бере алады

5 МОДУЛЬ.«УЛЬТРАДЫБЫСТЫҚ ЖӘНЕ ТҮС СЕНСОРЫМЕН ЖҰМЫС»

Модульдің өзектілігі Ультрадыбыстық сенсор арқылы роботты қабырға бойымен ПД қолдана жүргізе алатын болады және жүріп келе жатып түсті оқи алады.

Бұл модуль роботқа ПД арқылы қабырға бойымен жүргізуді үйретеді және роботтың қолғалысы кезінде түстерді оқуға үйренеді.

Модульдің міндеттері:

- Ультрадыбыстық сенсор арқылы қабырғаның бойымен роботты бір келкі қозғалтуға үйрену;

- Роботқа бірнеше дененің түсін оқытып, соған сәйкес әрекеттер жасатып үйрету;
- Роботқа қозғалыста келе жатып ақпаратты оқуға болатындай мүмкіндік қосу.

Күтілетін нәтижелер

Тыңдаушылар модульдың соңында:

- Ультрадыбыстық сенсор арқылы қабырғаның бойымен роботты бір келкі қозғалтуға білетін болады;
- Роботқа бірнеше дененің түсін оқытып, соған сәйкес әрекеттер жасай алатын болады;
- Роботқа қозғалыста келе жатып ақпаратты оқуға болатындай мүмкіндік қоса алады.

Модуль тақырыптары	Оқу сабағының түрі, оқыту әдістері және сағат саны	Негізгі мазмұны	Нәтижелер (бағаланатын дағдылар)
Тақырып 5.1 Ультрадыбыстық сенсор арқылы роботты қабырға бойымен ПД қолдана жүргізу	Интерактивті сабақ	ПИД реттегіші арқылы роботты бір сенсормен жүргізу	- Роботқа қоланысын түсінеді
	Формативті бағалау	Тапсырмалардың критерийлері бойынша бағалау	- критерийлер бойынша өз жұмысына баға бере алады
Тақырып 5.2 Роботқа бірнеше дененің түсін оқыту	Тәжірибелік сабақ	Роботты алдыға белгілі бір градусқа ПД арқылы жүргізу	- роботқа бағдарлама жазуды біледі
	Формативті бағалау	Тапсырмалардың критерийлері бойынша бағалау	- критерийлер бойынша өз жұмысына баға бере алады
Тақырып 5.3 Роботқа жүріп келе жатып денелерді оқып өту	Тәжірибелік сабақ	Роботты сызықсыз алдыға тура жүргізу	- сызықсыз тура жүргізуді біледі
	Формативті бағалау	Тапсырмалардың критерийлері бойынша бағалау	- критерийлер бойынша өз жұмысына баға бере алады

6 МОДУЛЬ.«ДЕНЕНІҢ ТҮСІН ЖӘНЕ ПІШІМІН АНЫҚТАУ»

Модульдің өзектілігі дененің түсін және пішімін бағдарлама құру арқылы анықтау. Себебі, роботтың көзі жоқ, бірден қарап анықтай алмайды.

Бұл модуль бағдарламалау арқылы дененің пішімін және түсін анықтауға болатын мүмкіндікті оқытуға бағытталған.

Модульдің міндеттері:

- Роботқа белгілі бір денені қысып ұстай алатын немесе ұстап көтеріп ала алатын қолды жасау;
- Денені ұстағаннан кейін оның түсін оқу;
- Осы дененің пішімін бағдарламалау арқылы анықтау;
- Дененің түсіне қарай отыра оны алаңның бір бөлігінен екінші бөлігіне апару.

Күтілетін нәтижелер

Тыңдаушылар модульдың соңында:

- Роботқа белгілі бір денені қысып ұстай алатын немесе ұстап көтеріп ала алатын қолды жасай алатын болады;
- Денені ұстағаннан кейін оның түсін анықтай алу;
- Осы дененің пішімін бағдарламалау арқылы анықтау;
- Дененің түсіне қарай отыра оны алаңның бір бөлігінен екінші бөлігіне апару.

Модуль тақырыптары	Оқу сабағының түрі, оқыту әдістері және сағат саны	Негізгі мазмұны	Нәтижелер (бағаланатын дағдылар)
